



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Ақпан 2025

Жылдық инфляция 2025 жылғы ақпанда 9,4%-ға дейін жеделдеді (қаңтарда – 8,9%). Азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар, сондай-ақ ақылы көрсетілетін қызмет бағасының өсуі тиісінше 6,5%-ға дейін (қаңтарда – 5,8%), 8,7%-ға дейін (қаңтарда – 8,4%) және 14,1%-ға дейін (қаңтарда – 13,8%) қарқын алды.

Аймақ тұрғысынан алып қарағанда, жылдық инфляция 15 өңірде жеделдеді, 3 өңірде баяулап, 2 өңірде өзгеріссіз қалды. Жылдық инфляция 8 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Инфляцияның ең жоғары мәні Астана қаласында (12,7%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2024 ақпан – 2025 ақпан), %-бен

Астана қ.	9,5 ————— 12,7
Ақмола	9,4 ————— 10,7
Батыс Қазақстан	8,8 ————— 10,5
Солтүстік Қазақстан	9,5 ————— 10,2
Маңғыстау	10,0 ————— 10,1
Ақтөбе	8,6 ————— 9,9
Қарағанды	11,5 ————— 9,9
Алматы қ.	9,9 ————— 9,5
Шығыс Қазақстан	10,2 ————— 9,4
Қазақстан Республикасы	9,3 ————— 9,4

Ұлытау	9,0 ————— 9,3
Абай	9,4 ————— 9,2
Атырау	9,9 ————— 9,0
Жетісу	9,7 ————— 8,6
Қызылорда	8,4 ————— 8,6
Қостанай	8,4 ————— 8,5
Түркістан	8,8 ————— 8,1
Шымкент қ.	8,9 ————— 8,0
Павлодар	8,4 ————— 7,9
Жамбыл	8,9 ————— 7,6
Алматы	7,1 ————— 7,4

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарларының бағасы Ақмола (8,9%), Қарағанды және Жетісу (8,1%-дан), Ақтөбе және Маңғыстау (7,7%-дан), Шығыс Қазақстан және Абай (7,4%-дан), Ұлытау (7,3%), Солтүстік Қазақстан (7,0%), Батыс Қазақстан облыстарында және Астана қаласында (6,6%-дан) елде қалыптасқан деңгейден (ж/ж 6,5%) жоғары болды.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы Түркістан (14,1%), Маңғыстау (12,7%), Солтүстік Қазақстан (10,9%), Ұлытау (9,7%), Абай (9,6%), Қарағанды (9,4%), Атырау (9,2%), Батыс Қазақстан (9,1%), Шығыс Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында (8,9%-дан), Ақмола мен Қызылорда (8,8%-дан) облыстарында елде қалыптасқан деңгейден (ж/ж 8,7%) жоғары өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы Батыс Қазақстан облысында (19,2%), Астана қаласында (19,1%), Ақмола (16,9%) өңірі мен Алматы қаласында (14,9%) және Ақтөбе облысында (14,2%) жалпы республикалық деңгейден (ж/ж 14,1%) жоғары болды.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі компоненттері, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	6,5	8,7	14,1
Ақмола	8,9	8,8	16,9
Ақтөбе	7,7	8,7	14,2
Алматы	6,1	5,9	13,3
Атырау	6,0	9,2	14,0
Батыс Қазақстан	6,6	9,1	19,2
Жамбыл	5,9	6,8	13,4
Қарағанды	8,1	9,4	12,4
Қостанай	5,4	8,5	12,7
Қызылорда	6,0	8,8	13,2
Маңғыстау	7,7	12,7	10,9
Павлодар	5,8	5,8	13,2
Солтүстік Қазақстан	7,0	10,9	14,0
Түркістан	4,5	14,1	8,4
Шығыс Қазақстан	7,4	8,9	13,0
Астана қ.	6,6	8,9	19,1
Алматы қ.	6,1	7,1	14,9
Шымкент қ.	6,3	8,1	10,2
Абай	7,4	9,6	11,7
Жетісу	8,1	6,3	12,8
Ұлытау	7,3	9,7	12,2

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылғы ақпанда елде **айлық инфляция 1,5%** болды. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Астана қаласында (2,9%) байқалды.

2-кесте. 2025 жылғы ақпанда өңірлердегі айлық инфляция, %

Қазақстан Республикасы	1,5
Астана қ.	2,9
Ақмола	1,9
Ақтөбе	1,9
Қарағанды	1,9
Маңғыстау	1,7
Солтүстік Қазақстан	1,6
Батыс Қазақстан	1,5
Шымкент қ.	1,5
Қостанай	1,4
Ұлытау	1,4

Түркістан	1,3
Шығыс Қазақстан	1,3
Алматы қ.	1,3
Алматы	1,2
Жетісу	1,2
Жамбыл	1,0
Павлодар	0,9
Атырау	0,8
Қызылорда	0,7
Абай	0,7

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ